ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

Түркістан қ, "Жаңа қала" ш\а, 160 орам, 498 учаскі

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

г. Туркестан, мкр. "Жана кала", 160 квартал, 498 участок

20.08.2024 № 5165-24-5-21/9739

Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған облыстық футбол мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне
/Сот кабинеті арқылы/

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты талап қоюшы Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған облыстық футбол мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Ормахан» Ормахан Сабыржан Жамбылұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы азаматтық ісі бойынша заңды күшіне енген сот шешімін орындауға ұсыну үшін жолдайды.

Қосымша: сот шешімі.

Судья **С.Байтенов**

Құжатты жасаған: ИЛЕСБАЕВ А. Т., , 725-2465@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: БАЙТЕНОВ С. К., 20.08.2024 17:17

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі оң

5165-24-5-21/9739 20.08.2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 03 шілде №5165-24-00-2/1609 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Байтенов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының “Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған облыстық футбол мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер “Ормахан” Ормахан Сабыржан Жамбылұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының “Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған облыстық футбол мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер “Ормахан” Ормахан Сабыржан Жамбылұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер “Ормахан” Ормахан Сабыржан Жамбылұлынан мемлекет пайдасына 14 257 (он төрт мың екі жүз елу жеті) теңге тұрақсыздық айыппұл, 2 273 (екі мың екі жүз жетпіс үш) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 09.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.08.2024, судья Байтенов С. К., 20.08.2024